

Жалпы пайдаланымдағы облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын жіктеу тәртібі мен шарттарын бекіту туралы

Павлодар облыстық әкімдігінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 74/3 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 28 сәуірде № 4449 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі "Автомобиль жолдары туралы" Заңының 13-бабы 1-1-тармағының 6-2) тармақшасына сәйкес Павлодар облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған жалпы пайдаланымдағы облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын жіктеу тәртібі мен шарттарын бекітілсін.

2. "Павлодар облысының құрылыс, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамамен белгіленген тәртіпте:

осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

осы қаулы аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

осы қаулыны Павлодар облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары Д.Н. Тұрғановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Қ. Бозымбаев

Павлодар облысы әкімдігінің
2015 жылғы "17" наурыздағы
№ 74/3 қаулысымен
бекітілген

Жалпы пайдаланымдағы облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын жіктеу тәртібі мен шарттары

1. Жалпы ережелер

1. Жалпы пайдаланымдағы облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын жіктеу тәртібі мен шарттары "Автомобиль жолдары туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленген.

2. Жіктеу тәртібі және шарттары

2. Жалпы пайдаланымдағы облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын жіктеу жол қозғалысының геометриялық параметрлері мен есептік қарқындылығына байланысты техникалық регламенттерге сәйкес жүзеге асырылады.

3. Жалпы пайдаланымдағы облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолын Қазақстан Республикасының заңнамамен белгіленген тәртіпте пайдалануға қабылдаған күннен бастап жиырма күннің ішінде автомобиль жолдары және жол қызметі саласындағы облыстық атқарушы органы автомобиль жолын жалпы пайдаланымдағы облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесіне енгізу туралы материалдарды автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органға келісуге жібереді.

4. Жіберілетін материалдар автомобиль жолы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен пайдалануға қабылданғанын растайтын құжаттарды, автомобиль жолының атауы мен индексі туралы мәліметтерді, сондай-ақ жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тиісті тізбесін қамтуы тиіс.

Автомобиль жолдары жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органы ұсынылған құжаттарды жиырма күннің ішінде қарайды және автомобиль жолын кейіннен жалпы пайдаланымдағы облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесіне енгізу үшін автомобиль жолдары және жол қызметі саласындағы облыстық атқарушы органына жазбаша келісім жібереді.

Автомобиль жолын жалпы пайдаланымдағы облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының тізбесіне енгізу үшін автомобиль жолдары және жол қызметі саласындағы облыстық атқарушы органы келісуге материалдарды толық мәліметтерсіз және/немесе осы тармақта көзделген құжаттарсыз ұсынған жағдайда барлық кемшіліктерді жою үшін материалдарды қайтарылады.